



Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитетінің мәселелері <\*> ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 798 қаулысымен. ~P000798

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 11 тамыз N 1131. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 995 қаулысымен. ~P020995

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

<\*>

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 798  
қаулысымен.

P000798\_

ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 133  
қаулысымен.

P010133\_

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитетінің ережесі;

<\*>

2)

<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармак өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 798  
қаулысымен.

P000798\_

ЕСКЕРТУ. 1-тармактың 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1358 қаулысымен.

P991358\_

2. "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Үлттық аэроғарыш агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 мамырдағы N 397 P980397\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 14, 119-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 11 тамыздағы  
N 1131 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар сауда министрлігінің Аэроғарыш комитеті туралы  
Ереже

<\*>

ЕСКЕРТУ. Атауы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.26. N 798 қаулысымен.

P000798\_

ЕСКЕРТУ. Атауы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 133 қаулысымен.

P010133\_

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан

Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзыretі шегінде арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ аэроғарыш қызметі саласын басқаруды жүзеге асыратын мекеме болып табылады. <\*>

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы белгіленген мөрі, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған басқа да мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Егер, оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитеттің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуына құқығы бар.

4. Комитет өз құзыretінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

480004, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 50.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті" мемлекеттік мекемесі. <\*>

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау нысанасында кәсіпкерлік субъектілерімен келісімшарттық қатынастарға кіруге тыйым салынады.

Егер Комитетке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға заң актілерімен құқық берілсе, мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) аэроғарыш қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру

жөніндегі тұжырымдамалар мен бағдарламаларды жасауға қатысу

2) Қазақстан Республикасының ғарыш кешенін және аэроғарыштық өнімдер мен қызметтер көрсетудің рыногын дамытудың қысқа мерзімді, орта мерзімді кезеңге арналған жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу;

3) "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса, Қазақстан Республикасының аэроғарыштық инфрақұрылымын сақтау және дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыруға қатысу;

4) Аэроғарыш қызметі саласында Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу және іске асырылуын қамтамасыз ету;

5) ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш қызметі аясында кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру болып табылады.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) аэроғарыш аясында, оның ішінде Қазақстанның тиісті халықаралық ұйымдар мен институттардың қызметіне қатысуына байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) аэроғарыш аясына шетелдік несиeler мен инвестицияларды тарту және оларды пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасындағы аэроғарыштық құрылымның жай-күйін және аэроғарыш техникасы мен технологияларының әлемдік ағымын талдайды және дамуын болжайды;

4) "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының, Қазақстан Республикасының аэроғарыш қызметі аясындағы халықаралық келісімдері мен келісімшарттарын орындау жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіруді ұйымдастырады;

5) "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының және оған қосымша Келісімдердің орындалуын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешені объектілерінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады және өзінің құзыреті шегінде "Байқоңыр" кешенінің мүліктік және шаруашылық мәселелерін шешеді;

6) Қазақстан Республикасының ғарыш кешенін дамытудың тұжырымдамаларын, бағдарламалары мен жоспарларын және ғарыш техникасын, технологияларын пайдалану жөніндегі жобаларды әзірлейді және жүзеге асырады;

7) аэроғарыш қызметі аясында заңдардың пайдаланылу тәжірибесін талдайды және қорытындылайды, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, аэроғарыш қызметі аясында заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің

жобаларын дайындауға қатысады;

8) аэроғарыш қызметі аясында халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысады;

9) аэроғарыш қызметі аясында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды өзірлеуге және іске асыруға қатысады;

10) аэроғарыш қызметі аясында жұмыс істейтін мемлекеттің қатысуы бар ұйымдардың басқару органдарында өз құзыретінің шегінде мемлекеттің мұдделерін білдіреді;

11) аэроғарыш қызметі аясында жұмыс істейтін шаруашылық субъектілерінің қызметін талдау мен мониторингті жүзеге асырады;

12) аэроғарыш техникасын сертификаттау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

13) өз құзыретінің шегінде ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

14) ғарышкерлер даярлауды, аэроғарыш аясында мамандар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады және үйлестіреді;

15) өзіне Қазақстан Республикасының зандарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитет негізгі міндеттері мен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін зандарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің мәселелері бойынша құқықтық нормативтік актілер қабылдауға;

2) "Байқоңыр" кешенінің, соның ішінде Ресей Федерациясы жалға алған объектілердің пайдаланылу жағдайлары мен сақталуын бақылауға және қадағалауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан және азаматтардан аэроғарыш қызметі аясына қатысты мәселелер жөнінде ақпаратты сұрауға және алуға;

4) мемлекеттік кәсіпорындарды және өзге де ұйымдарды құру, қайта құру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) өзінің қарауындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

6) ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметті өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға;

7) өзінің құзыреті шегінде шетелдердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік занды тұлғалармен келіссөздер жүргізуға шарттар жасасу туралы ұсыныстар енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының аэроғарыштық инфрақұрылымын сактау және дамыту проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындау

үшін белгілі ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдіктерді тартуға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### 3. Мұлкі

13. Комитеттің оперативтік басқару құқығында оқшауланған мұлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе езге жолмен билік етуге құқығы жоқ.

Заңмен белгіленген жағдайларда және шектерде Комитетке мұлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### 4. Қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын Төраға басқарады. <\*>

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын екі орынбасары, оның ішінде төрағаның бір орынбасары - "Байқоңыр" космос айлағы басқармасының бастығы, болады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1358

қаулысымен. Р991358\_

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді,

Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Осы мақсатта Комитеттің төрағасы:

1) өзінің орынбасарлары және Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

<\*>

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және зандарда белгіленген жағдайларда Комитетке қарасты ұйымдардың жарғыларын бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) зандарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.10. N 1358

қаулысымен.

P991358\_

19. Аэроғарыш қызметі аясындағы маңызды проблемаларды талқылау үшін Комитеттің жаңынан Комитеттің төрағасы басқаратын консультациялық-кеңесші орган - Ғылыми-техникалық кеңес құрылады, оны Комитеттің төрағасы басқарады. Ғылыми-техникалық кеңес туралы ережені және оның құрамын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келісе отырып Комитеттің төрағасы бекітеді.

<\*>

## 5. Қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 11 тамыздағы  
N 1131 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті аппаратының құрылымы

<\*>

Басшылық

Ұйымдастыру жұмысы және халықаралық ынтымақтастық бөлімі

Гарыштық техника мен технологиялар бөлімі

"Байқоңыр" ғарыш айлағының басқармасы

(Байқоңыр қаласы)

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК